

# **6B01202-«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша XI Республикалық пәндік олимпиадасының**

## **ЕРЕЖЕСІ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің пәндік олимпиадаларды өткізу кестесіне сәйкес 2020 жылдың 8-9 сәуірінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің гуманитарлық – педагогикалық институтында ЖОО студенттерінің 6B01202 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша XI Республикалық пәндік олимпиадасы өткізіледі.

### **I. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері:**

- студенттердің оқу-танымдық және оқу-зерттеу жұмыстарын ынталандыру;
- студенттердің кәсіби-тұлғалық әлеуетін, олардың өзіндік санасын, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай жасау;
- студенттердің азаматтық позициясын тәрбиелеу;
- ең талантты және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау;
- бәсекеге қабілетті, жаңашыл, әлемдік білім беру үдерісін меңгерген білімді де білікті, дарынды студенттерді іріктеу және қолдау.

### **II. Республикалық олимпиаданы өткізу тәртібі**

Пәндік олимпиадаға I-ші кезең (университетішілік) іріктеуінен өткен үздік студенттер қатыса алады. Олимпиадаға 2-3 курс күндізгі бөлім студенттерінен құралған командалар ұсынылады. Команда капитаны және мүшелері, барлығы 4 студент және команданың жетекшісі – 1 педагог болуы шарт. Олимпиадаға қатысушылардың өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты; студенттік билеті болуы тиіс.

Олимпиада туралы ақпаратпен қосымша [www.korkyt.kz](http://www.korkyt.kz) сайтында танысуға болады.

### **III. Олимпиаданың ұйымдастыру комитетіне құжаттарды ұсыну тәртібі**

Байқауға қатысушыларды тіркеу үшін келесі құжаттар қажет:

-командадан олимпиадаға қатысуға өтінім (ақпараттық хатта көрсетілген талапқа сәйкес);

-келу және кету уақыты туралы ақпарат.

Олимпиадаға қатысу үшін құжаттарды электронды пошта адресіне 2020 жылдың 10 наурызына дейін кешіктірмей жіберу керек.

e-mail: [pedagogika.15@mail.ru](mailto:pedagogika.15@mail.ru).

Олимпиада қатысушыларының келуі 7 сәуір, кетуі 9-10 сәуір 2020 ж.

Қатысушылардың орналасып тұруы мен тамақтануы жіберуші тараптың есебінен.

Байланыс телефондары:

8-701-169-80-45- «Педагогика және оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, фил.ғ.к Ерназарова Гүлбаршын Шаршыбекқызы;

8-702-917-23-89 - п.ғ.к., аға оқытушы Баймағанбетова Жұлдызай Тұрматқызы

#### **IV. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу**

XI Республикалық пәндік олимпиада 9-10 сәуірінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Педагогика және оқыту әдістемесі кафедрасының базасында өткізіледі.

Пәндік олимпиаданың жұмыс тілі: *қазақ және орыс*

Олимпиаданы өткізу екі күнге жоспарлануда.

### **Олимпиада бағдарламасы**

#### **I. Шығармашылық байқау - «Заманауи тәрбиеші мәртебесі»**

**Командалардың өзін таныстыруы.** Байқау сахнада еркін түрде өткізіледі, командалардың өнер көрсету реті жеребемен анықталады. (5 минут).

**Командалардың өзін таныстыруы** шығармашылық байқауы 10 баллдық жүйемен бағаланады.

*Бағалау критерийлері:*

- қойылым мазмұнының тақырыпқа сәйкестігі – 2 балл;
- мазмұнының педагогикалық бағыттылығы– 2 балл;
- креативтілігі – 3 балл;
- сөйлеу шеберлігі, мәдениеті, артистизм - 2 балл;
- регламент сақтауы – 1 балл.

#### **II. Теориялық байқау– «Жүзден жүйрік». (тест тапсырмалары, 75 сұрақ, 75 балл).**

Командалардың теориялық білімдерін тестілеу. Студенттер міндетті компонент пәндерінен компьютерде тест тапсырады.

- мектепке дейінгі педагогика;
- мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі;
- мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі.

#### **III. «Тәрбиешінің кәсіби шеберлігінің көкжиегі – 4К моделі» шығармашылық жоба сайысы.**

**Тапсырма:** Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде 4К моделін басшылыққа ала отырып, тәрбиеші – бала – ата-ана қатысуымен жоба іс-әрекетін ұйымдастыру, «біртұтас бала» бейнесін қалыптастыру.

**Мақсаты:** 4К моделі аясында тәрбиеші – бала – ата-ана үштік одағымен бірлескен бақылау, зерттеу жұмыстарының нәтижесін, жоба түрлерін көрсету.

**Ұсыну:** 7-10 минуттың ішінде жобаны таныстыру.

## **Бағалау:**

### **Ескеру қажет:**

- қолданылған инновациялық-технологиялардың балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- осы жобада тәрбиеші – бала – ата-ана үштік одағының бірлескен жұмыс көрсеткіші;
- АКТ-ні қолданудың шығармашылық, стандартты емес тәсіл;
- жобаны ұйымдастыру барысында балалардың барынша тартылуы;
- ата-аналардың жобаны ұйымдастыру іс-әрекетіне қатысу мүмкіндігі.

### **2 күн**

**4. «Зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыда дамыған тұлға – болашақ кепілі»** практикалық байқауы. Балабақша топтарында оқу қызметін ұйымдастыру (20 минут).

## **IV Командаларды марапаттау**

4.1 Республикалық пәндік олимпиадада 1,2,3 орынды иеленген студенттер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің I (бір студенттен артық емес), II (екі студенттен артық емес), III (үш студенттен артық емес) дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

4.2 Жеңімпаз-студенттер мен командаларға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті есебінен сыйлықтар тапсырылады.